

Жолболды ауылдық округінің аумағында қауымдық сервитут белгілеу туралы

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Жолболды ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 20 қыркүйектегі № 2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 қыркүйекте № 6550 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Жолболды ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жолболды ауылдық округінің аумағында жер учаскесін жер пайдаланушылардан алып қоймай қауымдық сервитут белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жолболды ауылдық округінің әкімі

Х. Ахтанов

Жолболды ауылдық
округі әкімінің 2019
жылғы "20" қыркүйектегі
№ 2 шешіміне
қосымша

Р/с №	Пайдаланушы	Алаңы (гектар)	Нысаналы мақсаты	Пайдалану мерзімі (жыл)	Жер телімінің орналасқан жері
1	"Қазақтелеком" акционерлік қоғам	0,1482	Байланыс желілерін пайдалану және ұстау үшін	10	Жолболды ауылдық округі, Жолболды ауылы, Коммунистическая көшесі